

Байдақ Молдашұлы



КӨКШАҒЫР

Байдақ Молдашұлы

КӨКШАҒЫР

(Поэма)

Пролог

Атамның ертеде өткен арғымағы,
Аңыз боп әлі күнге жаңғырады.
Айтқанда қариялар ол туралы,
Құлшынтып құмарымды қандырады.

Тұяғы тасты тескен селебедей,
Жалы оның болған дейді керегедей.
Самолет, машинасы жоқ заманда,
Не дерсің атты нағыз кеме демей.

Жылқыны ел ерекше ардақтаған,
Онымен абыройын салмақтаған.
Жылқының қасиетін біле бермес,
Өмірде жанын салып мал бақпаған.

Сауық-той жүрген жері сайран, күлкі,
Қашаннан қасиетті қайран жылқы.
Кедейдің маңдайына бір ат бітсе,
Асқандай көрінетін байдан мүлкі.

Көкшағыр шын жүйріктің біреуі еді,
Жарлының жатса-тұрса тілеуі еді,
Естіген аталардың аузынан
Мінеки, Көкшағырдың жыр-өлеңі.

I тарау

Алысқан талай тағы асауменен,
Болыпты ел батыры Тасан деген.
Жігері талайлардың құм болыпты,
Тасанның көкірегін басам деген.

Атбегі, ағып тұрған әрі шешен,
Жалынды жанып тұрған әрі көсем.
Тасанды, артық емес кеудесіне,
Бір елдің ұялаған жаны десем.

Жігіттің болды Тасан жолбарысы,

Темірдей тегеурінді қолда күші.
Сан биді жалғыз сөзбен тоқтататын,
Түскенде таразыға ел намысы.

Ол өзі ел тағдырын толғанатын,
Қанатын қыран құстай қомданатын.
Кедейлік қолын байлап, кесел болып,
Кей кезде жоқшылықтан қорланатын.

Әр іске ар-ұятпен араласқан,
Тура айтқан туыстыққа қарамастан.
Атақты батыр Тасан атбегі еді,
Жүрегі жылқыға үйір бала жастан.

Ер Тасан сертке берік, ақылға бай,
Әр істі ойлап істер лапылдамай.
Кесімін кесек сөзбен бір-ақ айтқан,
Таңдайын безеп босқа тақылдамай.

Батыр деп атаса да ел пақыр демей,
Болды ол малға жарлы тақыр кедей.
Өтті ол өле-өлгенше адалдықпен,
Тірлікте еш пенденің қақын жемей.

Өзін емес, ойлап жалпақ таптың қамын,
Адамның жек көріпті сатқындарын.
Бойында өнері көп болсадағы,
Айрықша біледі екен аттың бабын.

Жүйріктің қанша бәйге алатынын,
Қайда озып, қайда кейін қалатынын.
Айтыпты бір көргенде-ақ жаза баспай,
Тағдыры алда қалай болатынын.

Бірақ та бір ат оған бұйырмады,
Жарысқа бара алмады қиырдағы.
Бір жүйрік ер Тасанға арман болып,
Тасансыз өтті елдің жиындары.

Арада он-он бестей жыл өтіпті,
Ер Тасан кедейлікпен күнелтіпті.
Кездеспей өзі ойлаған бір қыл құйрық,
Қалың ой қам көңіл қып жүдетіпті.

Жарлылық жас жігітті жаяулатты,

Көңілге түсті, кетпес қаяу қатты.
Үш мыңнан шықпай ма деп бір наз бедеу,
Бектастың үйіне кеп аялдапты.

Сол кезде бала қоян жұт болыпты,
Аштықтан не қорлықты жұрт көріпті,
Сол жұтта егін егіп батыр Тасан,
Басына алабөтен құт қоныпты.

Егінмен шөл даланы көгертіпті,
Астыққа өз ауылын кенелтіпті.
Олар да бізбен бірге қаужасын деп,
Көршілес ағайынға жөнелтіпті.

Көкке өрлеп, көтеріліп тез беделі,
Жағдайы бұрынғыдан өзгереді.
Бір күні Тасан ерге көк тайы бар,
Керуенші ойда жоқта кез келеді.

Екеуі жөн сұрасып танысады,
Мән-жайды біліп әбден қанысады.
Көктайға бес қап астық бермек болып,
Сол жерде серттесіп қол алысады.

Көк тайдан көзін енді ала алмады,
Туар ма, шіркін, мұндай мал ардағы!
Анау да Тасан ойын сезе қойып,
Бағасын асырам деп жалаңдады.

Ер Тасан ақылға бай, сөзге мықты,
Бір тұлпар таланына кез келіпті.
Айырылу мына тайдан тірі қорлық,
Үндемей сыр-сипатты көзбен ұқты.

Бес қапқа қосты тағы үш пұт тары,
(Басқадай керуеншіден үн шықпады).
Қуанып, жүзі жайнап Тасан тұрды,
Кеткендей көп жыл қуған қырсықтары.

Ел тұрды Тасан ісі мастық па деп,
Тай деген осыншама астық па деп,
Ауылы ұрынғанда аштыққа кеп,
Өзіне бұл жасаған қастық па деп.

Көпшілік: – Керегі жоқ, тоқта! – деді, –

Осы елде мұндай жылқы жоқ па? – деді.
Тасан айтты: – Тәуекел алып қойдым,
Қызығын көресіңдер топта, – деді.

Тасанның сол көк тайда бар үміті,
Қалмайды көк тай десе жаны-құты.
Жаратып ертелі-кеш жалғыз өзі,
Қадады оң қолымен жалына үкі.

Мазақ қып ағайынның көбі күлді,
Тасанды адасты деп ел ұғынды.
– Бұл Тасан малды тіпті танымайды
Айқайлап топ ішінен, – деді бірі.

Былжырап тұрса да айтып бірдеңені,
Ал Тасан әлгі адамға үндемеді.
Немесе ашуланшақ біреулердей,
Бас салып, келеке етіп тілдемеді.

Тасекең көп ішінде жақ ашпады,
Ешкіммен дауыс жыртып таласпады.
Көпшілік құр дуылдап өзді-өздері,
Ақыры айқай-шу да толастады.

Жүйріктің қасиеті табанында,
Бақыты – атбегі мен таланында.
Ер Тасан алты ай қыстай күтіп-баптап,
Көктайдың жүріп жатты амалында.

Көк тайдың ірі тіпті дене тұрқы,
Тым сергек өзгелерден ерен құлқы.
Аз оттап, мол тыныстап, көп жусайды
Ешкі бас, тазы омыртқа, бөлек сырты.

Садақ сан, салқам омырау, бұты талтақ,
Жібек жал, сымпыс құйрық, жоны жалпақ.
Ботакөз, ит жіліншік, қаз омырау,
Құндыздық қарыс сүйем, тепкі шалқақ.

Құшаққа жете қаба жаясы алшақ,
Кең танау, қыран қабақ, түлкі құрсақ.
Ой желке, құлаш мойын, жұмыр тұяқ,
Бөрі төс, тазы кіндік, кең жұтқыншақ.

Көрген жоқ Тасан мұндай малды өмірі,

Құлаған сондықтан да бар көңілі.
Күндіз-түн ықыласы жалғыз тайда,
Көп күткен табылғандай жан серігі.

Көк тайдың көңілі ырза жүрісіне,
Тұрады қайта-қайта түн ішінде.
Тасанға келді реті енші беру,
Ең кенже Орал деген інісіне.

Жүретін атан түйе, жорға жолға,
Сіресіп тұрмаса да қора малға.
Ағасы енші берді, сол бір сәтте,
Көкшағыр тиесілі болды Оралға.

– Өсірген баламдай қып Орал інім,
Бірісің, қадір білер саналының.
Шағырды маған бер де қара атымды ал,
Көктай бір бағы болар таланымның.

– Алдыңғы тоқтамайды бауырға кім,
Сен үшін садаға ғой, арым-жаным.
Шағырды сіздей күтіп міне алам ба,
Құп алып айтқаныңды қабылдадым.

Ер Тасан берік ойға алған іске,
Әлі де жатыр шықпай арманы іште.
Болғанда дөнен шығар піштірмек боп,
Көк тайды жыққызады талма түсте.

– Жиналған үлкен-кіші туыстарым,
Тайынан тәрбиелеп мұны ұстадым,
Болашақ бәйгелерде дүбірлеген,
Осы көк болмақ менің ырыс-бағым.

Шыққанда көк тай тура алты жасқа,
Жинал деп айтты Тасан кәрі-жасқа.
Амал жоқ Ерғожасы үй жағалап,
Жүгірді лажы бар ма шақырмасқа.

Тастады сойып Тасан бір боз қасқа,
Жоқ шара әр ісіне танданбасқа,
Кәрі-жас, бала-шаға бірі қалмай,
Түп-түгел бір тайпа ел жиналды асқа.

Ағайын қашанғы үйде жата аламын,

Шығамын жарығына сахараның,
Көк тайға Көкшағыр деп ат қоямын,
Тіл-көзден аман болсын, бата аламын.

Ағайын тоқайласып қырымдағы,
– Ақ бата, ақ бата! – деп шуылдады.
Жиналған қалың ауыл бәрі бірдей,
«Көкшағыр, Көкшағыр» деп дуылдады.

Көкшағыр тұрды құс боп ұшатындай,
Атылып көкте бұлтты құшатындай.
Жануар кісінейді шабысты аңсап,
Жын буып жауырынын қысатындай.

Жаратып мейіздей қып әбден сылап,
Қосуға Тасан жүрді күнде сынап.
Сол кезде Ырғыз жаққа бармақ болып,
Көтібар Көкшағырды келді сұрап.

Бұлармен тату-тәтті жолдас еді,
Оларсыз тойда көңіл толмас еді.
Ойланып қалды Тасан төмен қарап,
«Не істеймін, жалтаруға болмас ебі».

Ас өтер жер белгілі «Түйемойнақ»,
Үстіне үй қондырған бие байлап.
Бірінші бәйгесі ғой атымның деп,
Бір қауіп ішіне ер түйеді ойлап.

Боз қасқа айтып қалды ауыл-аймақ,
Бер деді ақ тілекті «а құдайлап».
Желдіріп жай аттарды аяңымен,
Көкшағыр алшаң басып салады ойнақ.

Өз бағын осы тойға сынап келген,
Шұбырды ел шаң боратып құба дөңнен.
«Ат бәйге бүрсігүні болады» деп,
Жар салды ас иесі Құдайберген.

Таратып әрбір үйге тыңшыларын,
Жіберді ат байқауға сыншыларын.
Сонан соң топқа келіп елмен бірге,
Тыңдады әр ауылдың жыршыларын.

Достармен жұрт көзінше ақылдаспай,

Ешкіммен керек десе қатынаспай,
Елеусіз жалғыз шатыр тігіп жырақ,
Тасан да үнсіз-түнсіз жатыр саспай.

Қасында ортаншы ұлы Ерқожасы,
Түп-тура биылғы жыл онда жасы.
Бес жастан атқа шауып көмбіс болған,
Алынған бейне тірнек томағасы.

Күткенде жылжымайды сағат та онша,
Ортаға ап Көкшағырды таң атқанша.
Отырды Тасан, Көбек, Көтібар ер,
Алмайтын асу жоқ деп талаптанса.

Дауысымен елді жинап елеңдетіп,
Күн шыға шықты айдаушы өлеңдетіп.
Жарысқа қосар аттар сапқа тұрды
Сол топқа Көкшағыр да келді лекіп.

Барлығы жүз тоқсан ат санағанда,
Көз тоймас әрқайсысына қарағанда.
Жараған жалын тарап жануарлар,
Айқаймен түсті бәйге аламанға.

Айдаушы алдына сап кетті айдап,
Көздері арғымақтың өтті жайнап.
Әркім-ақ өз жүйрігін мадақтайды,
Қосқан соң үкі тағып, сертті байлап.

Жүйріктер жүйткіп ақты жылдам күшпен,
Көп халық атқа қарап тынған іштен.
Шағырмен тайталасты құйрық тістеп,
Бір құла ерен жүйрік Сырдан түскен.

Тасанға емес тіпті сыйлық қымбат,
Аз ғана жанына тек билік құрмақ.
Көкшағыр арқан бойы озып келіп,
Өтті ағып қарақшыдан құйрық бұлғап.

Шұбалған шаршы топты шаңға көміп,
Көкшағыр бас бәйгені алды жеңіп.
Қалың ел қауқылдасып, қаумаласып,
Тасанның алақанын алды келіп.

Жануар дене қызып, жер тарпиды,

Зуылдап екпінінен жел шалқиды.
Бағалап Көкшағырды өздерінше,
Пікірді айтып жатыр ел сан қилы.

Бәйгесі Көкшағырдың бұл алғашқы,
Баптауы Тасан ердің таланды ашты.
Көкшағыр келді десе содан былай,
Ат қосқан бай-манаптар жаман састы.

Ту етіп көтеріп намысты алға,
Жүрді алып бас бәйгені жарыстарда.
«Көкшағыр, Көкшағыр!» – деп ел гуледі,
Бұрқырап тұяғынан шаң ұшқанда.

Он бес жыл бас бәйгені алды дара,
Алдына түсірмеді жанды қара.
Қуырып жер танабын жұлдызша ағып,
Талайдың көңіліне салды жара.

Алқынбай өрен жүйрік шапты алысқа,
Айналды Тасан аты мақтанышқа.
Дабысы жылдан жылға дәуірледі,
Дабылдай қағылған зор аттаныста.

II тарау

Еткен бір егесте елдің арын үстем,
Еске алам Көкшағырды сағынышпен.
Жасымнан ол туралы әңгімені,
Суындай Қабырғаның қанып ішкем.

Шағырды ойға алып жұрт егілетін,
Күңіреніп қабырғасы сөгілетін.
«Ондай мал енді тумас» деп өкініп,
Қарттардың көзінен жас төгілетін.

Жазуға Шағыр жайлы жаңа дастан,
Тырбандым өз әліме қарамастан.
Өрелі өлең жолы қиын екен,
Құрық ап қумаған соң бала жастан.

Бұл жырдың ұқтым мәңгі тозбасына,
Көп тиді шарапаты өз басыма,
Атамның ақындығы желеп-жебеп,
Қоймады Көкшағырды жазбасыма.

Алдына салмай өткен мал баласын,
Шағырды ойлағанда таңданасың.
Ондай мал некен-саяқ дүбірлеткен,
Қазақтың ұлан-байтақ сар даласын.

Сол болды өмірінің бар мәнісі,
Жүрегі, тілегімен ар-намысы.
Бәйгесін ең ақырғы жыр етемін,
Әйтпесе бір-бір дастан әр шабысы.

Он бес мың жылқы біткен көкалалы,
Шегірді кім білмейді бағаналы.
Патшадан шен-шекпен ап болыс болған
Белгілі Ерден, Дүзен ағалары.

Байлығы даңқын биік дабырайтқан,
Келгенде сексен беске шегір қайтқан,
Балалары әкесіне ас бермек боп,
Үш жүзге бір жыл бұрын сауын айтқан.

Бұл асқа дайындалды талайлар-ақ,
Әр іске мұқиятпен абай қарап,
Ойында бәрінің де бас бәйге алу,
Ниетін хош көрсе егер Құдай қалап.

Бар жайды егжей-тегжей біліп тұрып,
Тасанға хабар бермей ұмыттырып.
Бәйгені шауып алып кетеді деп,
Көңіліне көбісінің күдік кіріп.

Қарамай жердің жақын, жырағына,
Тарамай хабар бірақ тұрады ма.
Қалғанда ас өтуге тура он бес күн,
Естілді Тасанның да құлағына.

Қынжылды, қапаланды қаны қайнап,
Жүзінде ашу-ыза жалын ойнап.
Еті қашып, еңсесі түсіп кеткен,
Қамықты Көкшағырдың қамын ойлап.

Буа алмай тәуекелге белді Тасан,
Бір күйге түсті ойымен әуре-сарсаң.

Дүбірлі ұлы бәйге болар дейсің,
Дәл мұндай Ұлытауда енді қашан.

Бармаса кететіндей ырыс-бағы,
Тасанға келді жетіп туыстары.
Көрген соң Көкшағырдың күйін көзбен,
Тарылды бәрінің де тыныстары.

– Жолдарың болсын, дәйім лайымда әр,
Бұл асқа бара алмайтын сыңайым бар.
Ат – арық, күйі – нашар, – деді Тасан, –
Көңілде осындай бір уайым бар.

Тұр жүдеп, бабы келмей Шағыр қасқа
Бара алмай сағы сынып бұл ұлы асқа.
Бұрылып, жолай соғып Әйен аға,
Айтыңдар, сәлемімді ер Жауғашқа.

Бақ, сірә, қайтқаныма талапты ерден,
Әлде бір ажал ма екен таяп келген.
Көп сары жүріп кетті Тасан қалып,
Басшысы Қошқарұлы Аяпберген.

Жауғашқа келді олар бірі қалмай,
Шәкіртше ұстазына ұйығандай.
Жеткізіп Тасан ердің сәлемдерін,
Көкшағыр қалды деді күйі болмай.

Көтеріп алды басын сонда Жауғаш:
– Іс екен, – деді ренжіп, – бұл бір оғаш.
Көкшағыр түспесе егер бұл бәйгеге,
Естілмес атам қыпшақ ұраны «Ойбас».

Бәрің де текке көкіп шулайсыңдар,
Сын айтсам, шайпау көріп тулайсыңдар.
Өлім ғой, ат жаратып апармаған,
Көкшағырсыз түкке де тұрмайсыңдар.

Ат бабын білуші едім мен де жетік,
Көрейін Көкшағырға еңбек етіп.
Бес күнде жаратар ем табылса егер,
Сүр құйрық, жаңа тары дәнге үйретіп.

Осылай деп бар ауылын алды жинап,
Тұрды ел жүк көтерер нарды сыйлап,

– Кімде бар сүр құйрық пен жаңа тары,
Айтындар, ағайындар, – деді ширап.

Ер Жауғаш күтті тұрған елден үміт,
Ұялап көңіліне шемең күдік.
– Қос қазы, сүр құйрығы бес ту қойдың,
Менде бар, – деді Сейтпек деген жігіт.

– Ер адам уағдаға болар берік,
Басқа бақ, бірлік болса қонар келіп.
Бар еді сақтап жүрген қос қап тарым,
Берейін бір қап тары содан бөліп.

Біреусің, – деді Жауғаш бар Тасанға,
Дос еді жаны қимас әрқашан да.
Тұлпары бұл бәйгеден жалғыз келіп,
Өзінен бірде-бірін салмас алға.

Тасанға құстай ұшып кетті Марқа,
Таң ата бел суытпай жетті Марқа.
Қуанды хабарды естіп батыр Тасан,
Таққандай омырауына алтын алқа.

Дей берді Тасан: – Шіркін, Жауғашым-ай,
Қимайтын қасиетті жан досым-ай!
Не деген ақыл дана, сұңғыла едің,
Суырар тар жерлерде алмасым-ай.

Риза болды Жауғаш арысына,
Жанатын секілденді бағы, сірә.
Тар жерде, тағдырдың сын талқысында,
Қайран ер шапқан екен намысына.

– Алды кең, үйі – сарай тамашаға,
Өзіңсің ортадағы қара саба.
Сен білдің, білмесе де қиналғанда
Қадірімді ағайын, бала-шаға.

Айналған елдің құтты ордасына,
Жараған қиын шақта қолбасыға.
Ер Тасан Көкшағырды ап құйындатып,
Жауғаштың жетті келіп ордасына.

Бес күндей құйрық пенен тары төкті,
Жаратты күн-түн Тасан Шағыр көкті.

Келген соң бабына әбден баяғыдай,
Тұлпардың шаң боратар шағы жетті.

Жауғаш та сөзбен елге от береді,
– Көкшағыр бас бәйгені бөктереді.
Ақкөңіл, айғай сүйгіш ел едіңдер,
Даурығып олжаны алып кетпе! – деді.

Қасиетті Ұлытаудың бауырында,
Той-думан Шегір байдың ауылында.
Мұндай той сирек өткен болар бәлкім,
Ер көңіл қалың қазақ қауымында.

Келіпті талайлар-ақ мархабатпен,
Әлінше аянбай-ақ салтанатпен.
Тасан да бәрін ішке түйіп үнсіз,
Оңаша қосын тікті арғы беттен.

Кейбіреу ірілікпен ісінуде,
Біреуді біреу қиын түсінуге.
Әр тұстан құлап жатқан жамиғатты,
Жеке үйге Шегір ауылы түсіруде.

Мұндайда кім тұрады алабұртпай,
Қаптаған қалың нөпір қарақұрттай.
Санауға мүмкін емес ең арғысы,
Бес жүздей атқа шабар бала құрттай.

Басталды той қызығы келесі күн,
Салтанат айқара ашты кең есігін.
Аттарды айдап кетті...Палуан күрес,
Басталды шығаратын ер есімін.

Әр елден шығып жатыр әлі асқандар,
Үміт қып бас бәйгеге таласқандар.
– Жамбасқа ал! Тобықтан шал! Тірсектен қақ!
Қайтсе де қара күштің бағы аспандар! –

Деп халық айғай салып қызынады,
Мұндайда кімдер шыдап сызылады.
Қуанып жатса бір топ бөрік атып,
Ренжіп бір топ: – Қап! – деп бұзылады.

Құрығын салып мықтап сан асауға,
Бұл асқа келген еді Тауасар да.
Смайыл палуанды да жеңген еді,
Енді одан осы топта жан асар ма?

Тауасар – Сәйтеректің бел баласы,
Тасанның досы әрі тумаласы.
Толықсып күш-қайраты, бой бермеген,
Отыздың үшеуінде еді жасы.

Шыдатпай қарсы келген жан баласын,
Екпіні тұрғызатын шаң борасын.
Өңкиген түйе палуан Бекболатқа,
Тауасар шықты халық болмағасын.

Аянбай екі дүлей айқасады,
Бір-бірін сынап көріп байқасады.
Белдесіп бірден неге кетпеді деп,
Бастарын ақсақалдар шайқасады.

Біріне-бірі оңай алдырмады,
Келтірмей қақпақылға шалдырмады.
Тіресіп темір қолдар ыңғай бермей,
Жамбасқа ие иыққа салдырмады.

Екеуі жүріп алды сүт қайнатым,
Бірінен бірі асырып түсті айбатын.
Шамданып, шамырқанып шарт сынардай,
Айқайлап жиды Тәкең күш-қайратын.

Қаһарман қабақ түйіп қатуланып,
Жамбасқа Бекболатты атты алып.
Үйіріп соқты жерге ер Тауасар,
Бекболат шай қайнатым жатты талып.

– Шығындар күресуге кәне, кім бар,
Алмасын бас бәйгені мына мұндар! –
Деп қайта айқай салды хабарлаушы,
Болмады топ ішінде оны тындар.

Әркімнің көзі түсті Тауасарға,
Есті жан Тауасармен таласар ма?!
Алды ол бас бәйгені жалғыз жеңіп,
Бөктіріп майдан жерін ала шаңға.

– Мынау кім, күрескеннің бәрін жыққан,
Алып қой жан шыдатпас қайдан шыққан?!
Бір елді асырайтын азамат қой,
Күшімен нендей апат, қандай жұттан.

– Тауасар аты мұның, ел ұланы,
Ұстасқан палуанды жер қылады.
Толғамалы кедейдің немересі,
Торғайдың торабында ер тұрағы.

Атасы емес оның сорлы қазақ,
Жүрмеген заманында жолы аз-ақ.
Табады тұлпар түбін деген бар ғой,
Күресі Тауасардың болды ғажап.

Жаңғырды Тауасардың аты кенет,
Көтеріп қолтықтан ел жатыр демеп.
– Шүбә жоқ, Тауасармен таласпаймыз,
Ер екен, – деді Дүзен, – заты бөлек.

Тәкеме түйе берді, кілем жауып,
Жетектеп алып келді біреу шауып.
Жиналған алқа қотан қақты арқадан,
Тәкеңнен қысылғанда тіреу тауып.

...Ат қаптап Ұлытаудың даласына,
Шайнады ауыздықты аласұра.
Жараған бауырынан көк сүмбідей,
Көз тойған бәйге аттардың қарасына.

Дүркіреп Ұлытауды солқылдатып,
Тұяқтар жерді бордай борпылдатып.
Барады бес жүз жиырма ат сел боп атқып,
Көлдерді күмпілдетіп, толқындатып.

Өзендей арсыл-гүрсіл таудан аққан,
Ағындап бес жүз жиырма ат шаң боратқан.
Аузымен құс тістеген өңшең жүйрік,
Жиналған әр қиырдан, әр тараптан.

Көтеріп ас пен тойдың берекесін,
Халықтың думандатып мерекесін.
Самғады қатарласып сәйгүліктер,

Ауаға аңқылдатып кере төсін.

Беріліп кейбір бала тамашаға,
Қан сорпа, қылды атын шаба-шаба.
Желікпей Көкшағыр ат келе жатыр,
Кей аттар алдын алып ораса да.

Келеді аттар ұшып ұбап-шұбап,
Аспанға шаң атылды будақ-будақ.
Тұра алмай бір орнында байыз тауып,
Жұрт жатты қаны қызып, улап-шулап.

Қыранның қасиеті қияғында,
Дарияның бастау көзі бұлағында.
Қазақтың ер мінезі дала көші –
Топжарған тұлпарлардың тұяғында.

Бәйгеге қызбай қандай жан тұрады,
Кеудені кернейді ой, сан сұрағы.
Біреулер үміттеніп айқайласа,
Біреулер қауіптеніп қалтырады.

Жамылып жаңа тіккен желең судай,
Тасан тұр ешнәрсені елең қылмай.
Үстінен түйе өтсе де сыр бермейтін,
Дүниеде сирек шығар ерен мұндай.

Қыздырып делебені қай-қайдағы,
Бір кезде: – Ат келді! – деп айқайлады.
Кеу-кеулеп ұры-кеппе өркөкірек,
Жұлысып жатыр жұрттың шайпаулары.

– Дара шаң көкаласы Қуатбайдың!
– Ол емес, шабысын мен ұнатпаймын.
– Қой бекер, Көкаладан мал озған ба,
Сорғалап ағатұғын сынаптайын!

– Арамтер болмаңдаршы құр екеуің,
– Бұл біздің Ақсеркесі Күлекеңнің!
– Сандалма, Көкала, осы, – танып тұрмын, –
Жігітім, керегі не келекенің?!

Тіліңді тартып сөйлеп шамалашы,
Қуаттың анық осы Көкаласы.
Үш жүзде өткен қандай ас пен тойда,

Алдына түскен емес мал баласы!

– Тоқтаңдар, үшеу екен шаң-тозаңы,
Тағдырдың, сірә, мынау қай мазағы.
Екеуі қатарласып кейін қалып,
Біреуі оқшауланып алға озды.

– Әнекей, әне бірі шықты арындап,
Жарысып ілеседі шаңы ағындап.
– Тоқтаңдар, ей, жігіттер, бұл біздің ат,
Жүсіп те бар ед жүйрік сары арғымақ.

– Ол емес, оның аты қалған шығар,
Бұл сөзің жай әншейін жалған шығар.
Үш атты көздері анық айыра алмай,
Таласты өңеш жыртып барлаушылар.

Қос жүйрік бірін-бірі жеп келеді,
Бәйгенің қиын болды өткелегі.
Жібермей екі жүйрік бірін-бірі,
Балалар бір-біріне өкпеледі.

Ал озып ақырында біреу шықты,
Көбінен үзілді енді күдер тіпті.
Бұл бала тәсілі мол әдісті екен,
Ат басын тежеп келіп жіберіпті.

– Бар еді атыңызда қандай белгің,
Айт, Тасан, сені білгір жандай көрдім, –
Деп біреу сұрақ қойды топ ішінен, –
Қаңғырып бұл жиынға қайдан келдің?

– Қан қайнап, ерегісте қасаратын,
Мағлұм өз еліме Тасан атым,
Бар еді негізімде топта жүйрік,
Кеудесін дұшпанымның баса алатын.

Шынымды айтсам егер сенесің бе?
Атамның бұлт қайнаушы ед төбесінде.
Мынау ат, менің атым қарашы өзің,
Тозаңын төбесінен көресің бе?

Болса да кедей-кепшік затым менің,
Барым да, байлығым да атым менің.
Сәйгүлік талай жүлде салды әкеліп,

Кетпейді ат сау болса ақым менің.

Қожа бала он бес жыл атқа шапқан,
Асықпай барлық күшін артқа баққан.
Көкшағыр әбден қызып тері шықса,
Тозаңы бұлт боп ойнап аспанға атқан.

Секілді бала бүркіт тау-шың асқан,
Сол Қожа ат шабыста сан сынасқан.
Атының еркіменен қыспай шауып,
Жақындап қарақшыға қамшы басқан.

Үздігін ерен жүйрік сонда көрді,
Тұлпары Қуатбайдың жолда өлді.
Көкшағыр қарақшыдан жалғыз өтіп,
Айнала ауылдастар олжа бөлді.

Көргендер таңдай қағып қалды қайран,
Бәйгенің алды – сынақ, арты – сайран.
Қандырған ел құмарын Шағыр тұлпар,
Алшандап өте шықты анадайдан.

– Бақытты ең сен не деген шіркін Тасан,
Ойыңнан ұмыт болар бұл күн қашан? –
Деп Дүзен Көкшағырға берді бәйге,
Жүз жылқы нар бастаған алтын шапан.

Бұл асқа үстем болып дос сүйінді,
Түтігіп, намыс қылып қас күйінді.
Тасанға атыңды сат деп өтініп,
Көзінен бай ұлының жас құйылды.

– Көремін Көкшағырды жан досымдай,
Бұл менің кісі қимас жолдасымдай.
Тайынан бір баламдай көріп едім,
Сатам деу күнә болар малды осындай.

Елдікпен мұрат еткен кісілікті,
Ерлердің ерен болар ісі тіпті.
– Қайтайық, – деді ауылға Аяпберген,
Бұлардың сөзі жаман, сұсы мықты.

Қазақтың аты мәлім қауымына,
Тар кезде тартқан ерді бауырына.
Салмақты Сарыарқаның сауырындай,

Соқты олар ер Жауғаштың ауылына.

Қуанып кәрі Жауғаш ата қалды,
Күш беріп қабыл болды баталары.
Ер Тасан өз қолымен бергеннен соң,
Бәйгеден келген алтын шапанды алды.

Ер Тасан соңына елді ілестірді,
Елге көп көңілді шат үні естілді.
Өзіне ине-сабақ жіп қалдырмай,
Бәйгенің бәрін жұртқа үлестірді.

Қартайды Көкшағыр ат әлі кетіп,
Басынан құс тістеген өмірі өтіп.
Тұра алмай қалды орнынан қоян жылы,
Тасанды қапа қылып, еңіретіп.

Салбырап тісі түсті тұр иегі,
Ілінген терісіне құр сүйегі.
Жануар адамнан зор, көзің түссе,
Ыңырысып анда-санда күрсінеді.

Алжасқан басы зеңіп айналады,
Жұмылып, жаутаңдайды ай қабағы.
Бәйгенің алдын бермей келген тұлпар,
Аңсайды оты, суы бай даланы.

Тасан да еңірейді оны көріп,
Кеткендей тамыры иіп, көңілі еріп.
Ұзақ түн ұйқы көрмей уайыммен,
Жатады жаны сыздап күңіреніп.

Қарайды Көкшағырды күнде келіп,
Бәйгелер көз алдынан дөңгеленіп.
Аяйды асыл атын батыр Тасан,
Жылқы емес, кәдімгі бір пенде көріп.

Шығатын мезгіл жетті жайлауға да,
Келмейді уақыт көшін байлауға да.
Жүр енді қырға көшіп барамыз деп,
Бермеді мұрша үйі ойлауға да.

Атбегі тағы келді Көкшағырға,

Көз толды мөлдір жасты моншағына.
«Жүдеме, Көкшағырым, амал қанша,
Барасың қалып енді, шөл сағымда.

Аман бол, асыл текті қайран атым,
Далаға атағымды жайған атым.
Көріп ем бір баламдай тіршілікте
Риза бол, құс қанатты қолқанатым.

Қанатым кесілді ғой, Көкшағырым,
Ойласам өткен күнді жоқ сабырым.
Шағырым – өмірімнің куәгері,
Әу бастан ауып еді ынтызарым.

Тысқары топырақтан аман болсам,
Ұзамай су жылына хабарласам.
Мен үшін тіршіліктің қажеті не,
Бабыңды қартайғанда таба алмасам.

Сен едің, Көкшағырым, асыл кием,
Сол үшін алдыңа кеп бас ием.
Даланы дүбірлеткен тұлпарым-ай,
Қош бол деп маңдайыңнан тағы сүйем!»

Шағырды қара көңге қалдырады,
Ұлдары жайлау көшіп жадырады.
Ұзамай Көкшағырсыз маза кетіп,
Тасан ер елін жинап алдырады.

Су жылып кетті ерте күн суығы,
Көктеді Қабырғаның сұр шілігі.
Тіріліп шыбын-шіркей бейғам жатқан,
Даланың дуылдады тіршілігі.

– Жарандар келіп тұрмын бір кесімге,
Әр істі бастап едім он бесімде.
Көкшағыр қотаныма келіп өлер,
Егер де жаны болса кеудесінде.

Ол үшін екі-үш бала тайға мініп,
Жанынан Көкшағырдың айла қылып,
Қиқулап шабар болса ұран салып,
Көзіне шыға келер ойнап үміт.

Осылай айтқанды істеп амалдаса,

Атылар шыбын жаны аман болса.
Ойнақтап тұра келер мұным анық,
Тұяғын серпіп жерге табандаса.

– Жарайды, – деп кетті үш бала шыға шауып,
Айқайлап қоя берді ұран салып.
Сол шақта көзін ашты Көкшағыр ат,
Бүркеген айналасын тұман жауып.

Қотанды үш айналды сол бетімен,
Қарайды қайран қалып ел шетінен.
Күш жиып, шауып келген соңғы ұранмен,
Шағырдың жан шошиды келбетінен.

Баяғы күндеріндей ұшты зырлап,
Қайғы уын қайран Тасан ішті бірақ.
Көкшағыр қош дегендей ел мен жерге
Кісінеп үш қайтара түсті құлап.

Басылды жұрт аяғы тасырлаған,
Тасан тұр ержүректі асыл адам.
– Денесін Көкшағырдың көміндер де,
Деді ол – әкеліндер басын маған.

Сойғызып бас терісін саралады.
Бас сүйек тесігі ой жаралады.
Қас жүйрік шаршамайтын осы екен деп,
Қалың ел қасиетін шамалады.

Ер Тасан бас сүйекке ие болды,
Сол сүйек бертін келе кие болды.
Тағы да тұлпарымен қауышардай,
Бабамыз басын соған сүйеп өлді.

Көкшағыр мазалады мені күнде,
Өлең боп қалды жастай өмірімде.
Ұрпаққа Көкшағырды баяндадым,
Өзіммен кетпесін деп көңілімде.

Байдақ Молдашұлы

1926 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Қабырға ауылында туған.
Соғыс және еңбек ардагері. «Батырдың ұрпақтары», «Достық» және
«Көкшағыр» деген кітаптары жарық көрген. 1994 жылы дүниеден озды.